

аға оқытушы Ж.Е. Зұлпыхар  
п.ғ.д., профессор М.С.Мәлібекова

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.)

### Компьютерлік операциялық жүйелерді әкімшіліктендіру бойынша студенттердің білімін жетілдірудің бір шарты

Жүйелік әкімшілік ету пәні 050111- Информатика мамандығының 2-ші курс студенттеріне арнайы курс ретінде енгізілген. Курстың мақсаты білімгерлердің операциялық жүйелермен таныстыру, операциялық жүйелерді әкімшілік ету бойынша білімдерін жетілдіру, дағдыларын қалыптастыру. Жалпы пән жоспары бойынша: дәріс үшін – 15 сағат, СООЖ-на – 7,5 сағат, зертханалық жұмыстарға – 60 сағат бөлінген. Мен бұл мақалада зертханалық жұмыстардың ішіндегі бір тақырып: Windows XP операциялық жүйесін қалпына келтіру нүктелерін қарастырып отырмын. Зертханалық жұмыс 2 сағатқа арналған. Осы тақырып бойынша білімгерлердің білімін жетілдіру үшін келесі әдістемелік нұсқауды ұсынамын:

Windows XP операциялық жүйесін қалпына келтіру нүктелерін оқытудың мақсаты: білімгерлерге жүйені қалпына келтіру нүктелері жайында түсінік беру, жүйені қалпына келтіру нүктелерін құру, осы нүктелер арқылы жүйені қалпына келтіру дағдыларын қалыптастыру.

Қарастыратын негізгі түсініктер:

Жүйені қалпына келтіру нүктелері – бұл Windows-тың ағымдық күйінің түсірілімдері, ол жүйені бұрынғы күйіне қайта келтіруге мүмкіндік береді. Әрине, жүйені бұрынғы қалпына келтіргенде, одан кейін енгізілген өзгерістер жойылады, яғни жүйені соңғы қайта келтіру нүктесін құрғаннан кейінгі баптаулар, қолданбалы бағдарламалардың баптаулары және т.с.с. өшіріледі. Бірақ мұның барлығы жүйені қайта қалпына келтіру кезінде маңызды роль атқармайды, себебі

жүйені және басқа бағдарламаларды қайта орнатуға қарағанда пайдаланушы баптауларын қайта орнатуға аз ғана уақыт кетеді.

Жүйені қалпына келтіру нүктелерінің келесідей типтері болады:

- бастапқы нүктелер – мұндай нүктелер Windows алғаш рет іске қосылғанда құрылады. Олардың көмегімен барлық баптауларды бастапқы күйіне келтіруге және жаңадан орнатылған «таза» Windows-ты алуға болады;
- жүйенің бақылау нүктелері – жүйеге қандай да бір өзгерістер енгізілуіне байланысты әрбір 24 сағат сайын құрылып отырады;
- орнатудың бақылау нүктелері – бағдарлама орнату кезінде жүйені кейін бағдарламаны орнатқанға дейінгі күйге келтіру үшін құрылады;
- пайдаланушының бақылау нүктелері – пайдаланушы қолымен құрылады;
- автоматты жаңарту қызметінің бақылау нүктелері – жүйені әрбір жаңарту алдында бақылау нүктелері құрылады;
- қалпына келтірудің бақылау нүктелері – жүйені алдыңғы бақылау нүктесі арқылы қалпына келтірудің алдында құрылады (қалпына келтірген соң жүйе жұмысы одан да нашарлаған жағдайда алдыңғы күйіне келтіру үшін);
- драйверлердің бақылау нүктелері – құрылғылардың белгісіз драйверлерін орнату алдында құрылады;
- резервті бақылау нүктелері – Backup утилитасы арқылы жүйені қалпына келтіру алдында құрылады (қалпына келтірген соң жүйе жұмысы одан да бұзылған жағдайда алдыңғы күйіне келтіру үшін).

Жүйені қайта қалпына келтіру үшін дискіде минимум 200 Мбайт бос орын болуы қажет. Windows жүйені қайта қалпына келтіру мұқтаждықтары үшін дискінің жалпы көлемінен максимум 12%-н резервке сақтап отырады.


Егер жүйенің вирустармен зақымдалғаны белгілі болса, қалпына келтіру қызметін уақытша тоқтату қажет. Әйтпесе вирустар қалпына келтірудің бақылау нүктесін құру кезінде жүйелік басқа файлдармен бірге сақталып және жүйені қалпына келтіргенде қайтадан пайда болуы мүмкін. Жүйені қалпына келтіру режимін өшіру үшін [Windows]+[Break] пернелер комбинациясын басыңыз. Ашылған терезеде Жүйені қалпына келтіру қатарына өтіп Барлық дискілердегі жүйені қалпына келтіруді тоқтату опциясын белгілеп ОК батырмасын шертіңіз. Енді антивирустық бағдарламаны іске қосып жүйені вирустардан тазартыңыз.

Жүйе вирустардан тазартылғаннан кейін қайтадан Жүйені қалпына келтіру терезесін ашып Барлық дискілердегі жүйені қалпына келтіруді тоқтату опциясындағы белгіні алып тастаңыз. ОК батырмасын шертіп жүйені қалпына келтіруді жүргізе аласыз.

Жаттығу жұмыстары:

*1-жаттығу. Жүйені қалпына келтіру үшін қатты дискіден орын резервтеу.*

1. Жұмыс үстеліндегі Менің компьютерім пиктограммасына тінтуірдің оң жақ батырмасын басып Қасиеттері нұсқауын таңдаңыз;
2. Жүйені қалпына келтіру терезесіне өтіңіз;
3. Егер Барлық дискілердегі жүйені қалпына келтіру қатарында белгі тұрса оны алып тастаңыз.
4. Дискіні таңдаңыз және Параметрлері батырмасын шертіңіз (сурет 1).




(сурет 1- жүйені қалпына келтіру терезесі)

5. Осы жерден жүйені қалпына келтіру нүктесі үшін әр дискіде неше орын резервтелгенін анықтай аламыз, сонымен қатар оның көлемін өзгерте аламыз. 6. Дискі параметрі терезесіндегі ауыстырғышты орынды ұлғайту үшін оңға (максимум 12%) немесе керісінше қозғалтып ОК батырмасын шертіңіз.


2-жаттыгу. Жүйені қалпына келтіру нүктесін құру.

1. Іске қосу-Бағдарламалар-Стандартты-Қызметші-Жүйені қалпына келтіру нұсқауын орындаймыз. Экранға Жүйені қалпына келтіру терезесі ашылады (сурет 2).



(сурет 2- Жүйені қалпына келтіру терезесі)


2. Осы терезеде Қалпына келтіру нүктесін құру қатарын таңдап Ары қарай батырмасын шертеміз.
3. Ашылған терезеде Қалпына келтірудің бақылау нүктесі сипаттамасын жазып (мысалы 1234 сөзін жазайық) Құру батырмасын шертеміз.
4. Ағымдағы мерзім бойынша Жүйені қалпына келтіру нүктесі құрылады (сурет 5).



(сурет 5- Жүйені қалпына келтіру нүктесін құру терезесі)

*3-жаттығу. Жүйені қалпына келтіру нүктесінің көмегімен жүйені қалпына келтіру.*

1. C: дискісіндегі Program Files бумасын жоямыз (егер қалыпты жағдайда жойылмаса жүйені қайта жүктеп Қауіпсіз режим арқылы енеміз).
2. Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын іске қосамыз: Іске қосу-Бағдарламалар-Стандартты-Қызметші-Жүйені қалпына келтіру нұсқауын орындаймыз.
3. Ашылған терезеде Компьютердің күйін бұрынғы қалпына келтіру опциясын таңдаймыз.
4. Қалпына келтірудің бақылау нүктесін таңдау терезесінен 1234 нүктесін таңдап Далее батырмасын шертеміз.
5. Экранға Қалпына келтірудің бақылау нүктесін растау терезесі ашылады (сурет 3).



(сурет 3- Қалпына келтірудің бақылау нүктесін растау терезесі)

Осы терезеден Ары қарай батырмасын шертеміз. Компьютерде жүйені қалпына келтіру автоматты түрде жүргізіледі.

4. Жұмыс нәтижесін тексеру үшін C: дискісін ашып Program Files бумасының қайтадан қалпына келтірілгеніне көз жеткіземіз.

*4-жаттығу. «Жүйені қалпына келтіру» утилитасын командалық қатар арқылы жүктеу және қалпына келтірудің бақылау нүктелерін жою.*

1. Жүйені Командалық қатарды қолдау қауіпсіз режимі арқылы жүктеңіз, яғни компьютерді қайта жүктеп F8 батырмасын басып тұрыңыз. Ашылған бетте аталған режим қатарын таңдаңыз.

2. Іске қосылған соң келесі нұсқауды енгізіңіз:

%systemroot%system32restorerstrui.exe

3. Enter пернесін басыңыз. Осы кезде жүйені қалпына келтіру терезесі қалыпты жағдайдағыдай ашылады.

4. Қалпына келтіру шеберінің нұсқауларын сәйкесінше орындаңыз.

5. Бақылау нүктелерін жою үшін Дискіні тазарту утилитасын қолданамыз.

6. Іске қосу Бағдарламалар Стандартты Қызметші Дискіні тазарту нұсқауын орындаңыз.

7. Ашылған терезеден қажетті дискіні таңдаймыз, яғни С: дискісін.
8. С: дискісін тазарту терезесі ашылады. Осы терезедегі Қосымша терезесіне өтіңіз.
9. Жүйені қалпына келтіру қатарындағы Тазарту батырмасын шертіңіз.

Тапсырмалар:

1. Жүйені қалпына келтіру үшін С: дискісінен 10% орын резервтеніз.
2. Диск атты сипаттамасы бар Жүйені қалпына келтіру нүктесін құрыңыз.
3. Жүйеге қандай да бір өзгерту енгізіңіз.
4. Диск атты Жүйені қалпына келтіру нүктесі арқылы жүйені осыған дейінгі қалпына келтіріңіз.

Бақылау сұрақтары:

1. Жүйені қалпына келтіру нүктесі дегеніміз не?
2. Драйверлердің бақылау нүктелері не үшін құрылады?
3. Жүйені қалпына келтіру үшін дискіден неше пайыз орын резервтеледі?
4. Резервті бақылау нүктелері қай кезде құрылады?
5. Бақылау нүктелерін қалай жоямыз?

Қолданылған әдебиет:

1. Колисниченко Д. Секреты реестра Windows XP/Vista. -СПб. «БХВ-Петербург», 2008. –С.34.

## Аңдатпа

Бұл мақалада Windows XP операциялық жүйесін қалпына келтіру нүктелерін құру, осы нүктелерді құру үшін дискіден орын резервтеу және қалпына келтіру нүктелері көмегімен жүйені қалпына келтіру сұрақтары қарастырылады.

## Резюме

В статье рассматриваются вопросы по созданию точки восстановления операционной системы Windows XP, резервирование места на диске для создания точки и восстановление системы с помощью данной точки восстановления.

## The resume

Questions are considered In article on making the point of the recovering the operating system Windows XP, standby of the place on disk for making the point and recovering the system by means of given points of the reconstruction.



**Авторлар туралы:**

1. Зұлпыхар Жандос Еңсебекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Информатика кафедрасының аға оқытушысы

E-mail: astzhan@rambler.ru

35 38 06 (40-40) қызмет тел.

+77017922749

2. Мәлібекова Меруерт Серікқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Информатика кафедрасының меңгерушісі

Педагогика ғылымдарының докторы

E-mail: meruert\_serik@ok.kz

35 38 06 (40-40) қызмет тел.

+77012872651